

**«Бекітемін»**

**Мектеп директоры:**

**М. К. Кулсарина**

**Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің  
2021 – 2022 оқу жылына арналған әлеуметтік қызмет  
жұмысының жылдық жоспары**

**Әлеуметтік педагог:**

**Алтаева Нүргүл А.**

## **Мақсаты:**

Мектеп оқушыларының дамуын, тәрбиесін, білім алуын әлеуметтік тұрғыдан қорғау. Балаға рухани демеу беру, тығырықтан шығаратын жол іздеу, сол жолды дұрыс тауып, дұрыс шешім қабылдау, балаға сенім ұялату, оның өмірінің жақсыға өзгеретіне сендіру. Оқушылар және ата - аналармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу.

Ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы, аз қамтылған отбасы, көпбалалы отбасы, толық емес отбасы, сәтсіз отбасынан шыққан балаларға әлеуметтік қолдау жұмыстарын жүргізу.

Сонымен қатар қамқорлықтағы, ерекше білімді қажет ететін, үйден оқитын, өгей отбасында, келеңсіз отбасында тәрбиеленетін, тәртібінде ауытқушылығы бар және қиын, құқықбұзуға бейім балалармен әлеуметтік педагогикалық және құқықтық жұмыстарды ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

## **Міндеттері:**

- Оқушы туралы мәліметті класс жетекшісінен алу және оның әлеуметтік жағдайын анықтау;
- Оқушының отбасымен танысу, ата - аналарымен әңгімелесіп, кеңес беру, сауалнама жүргізу;
- Әлеуметтік жағдайына байланысты оқушының үйіне барып зерттеу актісін жүргізу, өзіндік арнайы бөлме бар немесе жоқтығын анықтау, егер болмаған жағдайда мектептен оқу үстелімен қамтамасыз ету; (әлеуметтік көмек көрсету)
- Оқушылардың қажеттілігі мен қызығушылықтарын, мінезден ауытқушылығын, әлеуметтік ортаға бейімделу және әлеуметтік қорғалу деңгейін анықтау, кеңес беру, сауалнама жүргізу;
- Оқушыларға қажетті қолдау мен әлеуметтік көмекті өз уақытысында көрсету;
- Оқушы – жеке тұлға мен мектепті, отбасын, өз ортасын, әлеуметтік педагогты, мектеп әкімшілігін тікелей байланыстырушы;
- Жеке тұлғаның бостандығы мен құқығын жүзеге асыруда, оқушыларға қолдау мен көмек көрсетуде, әлеуметтік қорғау барысында шара қолдану, кеңес беру;
- Әлеуметтік инициативаны дамытуда, әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға бағытталған, түрлі мерекелік шаралар ұйымдастыру, шараға оқушыларды, ата - аналарды уақытылы қатыстыру;
- Оқушының салауатты өмір салты үшін әлеуметтік ауытқушылық пен құқықбұзушылығының алдын алу;
- Оқушыларға көмек көрсету үшін ата - аналардың, класс жетекшілердің, әлеуметтік педагогтың, мектеп әкімшілігінің өзара әрекетін үйлестіру;
- Оқушының бос уақытта немен айналысатындығына, қалай және кіммен өткізетіндігіне жұмыстар жүргізу.

## Тамыз, қыркүйек айларында өткізілетін жұмыс жоспары

№	Жұмыс бағыттары	Іс – шаралар	Жауаптылар
1	Ұйымдастырушылық	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастыру.</li> <li>2. Әлеуметтік педагогтің жылдық жоспарын құру.</li> <li>3. Класс жетекшілермен бірігіп оқушылардың жеке құжаттарымен танысу, класс бойынша әлеуметтік төлқұжат дайындау.</li> <li>4. 0-18 жас аралығындағы балаларды тексеріп, тізімін жасап, бекіту.</li> <li>5. Мектептің әлеуметтік төлқұжатын дайындау, оларды ретке келтіріп, жинақтау.</li> <li>6. Атаулы көмек алатын, қамқорлықтағы, мүгедек, мектептің шешімімен бекітілген оқушыларды жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан бөлінген оқу құралдармен, қажетті киімдермен қамтамасыз ету.</li> <li>7. Атаулы көмек алатын, қамқорлықтағы, мүгедек және мектептің шешімімен бекітілген оқушыларды мектеп кітапханасындағы оқулықтармен түгел қамту.</li> <li>8. Атаулы көмек алатын, қамқорлықтағы, мүгедек және мектептің шешімімен бекітілген оқушыларды мектеп асханасынан тегін ыстық тамақпен қамту.</li> <li>9. Бракеражды комиссия мүшелері уақытында асхананы тексеріп отыру.</li> <li>10. «Сенің отбасың қандай?» рейд жүргізу. /үйлеріне бару/</li> <li>11. Қамқоршылық кеңес мүшелерімен кездесіп, отырыс өткізу.</li> </ol>	<p>Әлеуметтік педагог,</p> <p>класс жетекшілер,</p> <p>директордың ТІЖ орынбасары,</p> <p>кітапханашы</p>
2	Әлеуметтік - диагностикалық	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқушылардың әлеуметтік ортасын зерттеу, жаңұясында болу.</li> <li>2. Әлеуметтік қорғау ұйымдарына құжаттар дайындау.</li> <li>3. Қамқоршылықтағы және өгей ата - ананың отбасында тәрбиеленетін оқушылардың отбасына барып акт жүргізу, әлеуметтік жағдайымен танысу, зерттеу.</li> </ol>	<p>Әлеуметтік педагог,</p> <p>психолог,</p> <p>класс жетекшілер,</p> <p>ТІЖ орынбасары</p>

		4. Білім алушылардың мектеп жағдайындағы құқығын қорғау: қажетті оқу - тәрбие алуын, тамақтануын, оларға деген қарым - қатынастың уақытылы орындалуын қадағалау.	
3	<b>Қиын тәрбиеленетін балалармен жұмыс</b>	1. Қиын балалар жөнінде мәлімет жинақтау.	Әлеуметтік педагог, психолог, кл. жетекші, ТІЖ орынбасары
4	<b>Құқықтық тәрбие</b>	1. Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жүргізу.	Әлеуметтік педагог, класс жетекшілер, психолог
5	<b>Ата - аналармен жұмыс</b>	1. Атаулы әлеуметтік көмек алатын, қамқорлықтағы, мүгедек және мектептің шешімімен бекітілген оқушылардың ата - аналарымен кездесу, қажетті құжаттарды жинақтау.	Әлеуметтік педагог, класс жетекшілер.
6	<b>Психолог және класс жетекшілермен жұмыс</b>	1. Класс жетекшілермен бірігіп балалардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерттеу. 2. Психологиялық - педагогикалық кеңес беру.	Әлеуметтік педагог, класс жетекшілер, психолог
7	<b>Әлеуметтік көмек көрсету</b>	1. Атаулы әлеуметтік көмек алатын, қамқорлықтағы, мүгедек және мектептің шешімімен бекітілген оқушылардың ата - аналарына қажетті құжаттарды жинақтау кезінде көмек көрсету.	Әлеуметтік педагог, класс жетекшілер.

## Қазан айында өткізілетін жұмыс жоспары

<b>1</b>	<b>Ұйымдастырушылық</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мүгедектер күніне орай «Ерекше білім алуды қажет ететін» оқушылар мен ата-аналарға мерекелік құттықтау тарту ету.</li> <li>2. «Қамқоршы» күніне орай қамқорлықтағы оқушының ата-анасын құттықтау.</li> <li>3. Қамқоршылықтағы, ерекше білім алуды қажет ететін оқушылардың сабаққа қатысымын қадағалау.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог, психолог, класс жетекшілер
<b>2</b>	<b>Профилактикалық және ақпараттандыру</b>	1. «Дені саудың жаны сау» тақырыбында оқушылармен аурудың алдын алуға сабақтар өткізу. /1 - 4 кл./ /5 - 9 кл./ /10 - 11 кл./	Әлеуметтік педагог, медбике, кл. жетекші
<b>3</b>	<b>Әлеуметтік - диагностикалық</b>	1. Ерекше білімді алуды қажет ететін оқушылардың әлеуметтік ортасын зерттеу, жанұясында болу, актілерін жүргізу.	Әлеуметтік педагог, психолог, кл. жетекші
<b>4</b>	<b>Қиын тәрбиеленетін балалармен жұмыс</b>	1. «Тәуекел тобындағы» балалармен жұмыс істеуге әдістемелік материалды дайындау.	Кл. жетекші, әлеуметтік педагог, психолог, ТІЖ орынбасары
<b>5</b>	<b>Құқықтық тәрбие</b>	1. Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесіне қатысу.	Әлеуметтік педагог, құқық органдарымен бірігіп
<b>6</b>	<b>Ата - аналармен жұмыс</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қамқоршылықтағы және ерекше білім алуды қажет ететін оқушының ата - аналары арасында «Мен қандай ата - анамын?» сауалнама жүргізу.</li> <li>2. Үйде оқытылатын оқушылардың ата - аналарымен кездесіп, әңгімелесу. Әлеуметтік педагогикалық кеңес беру.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог, класс жетекшілер.
<b>7</b>	<b>Психолог және класс жетекшілермен жұмыс</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Класс жетекшілерімен бірігіп балалардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерттеу.</li> <li>2. Психологиялық - педагогикалық кеңес беру.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог, класс жетекшілер, психолог
<b>8</b>	<b>Әлеуметтік көмек көрсету</b>	1. Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан бөлінген атаулы әлеуметтік көмек алатын, аз қамтылған, көпбалалы, толық емес, сәтсіз отбасынан шыққан және қамқорлықтағы балаларға материалдық көмек көрсету.	Әлеуметтік педагог, класс жетекшілер.

## Қараша айында өткізілетін жұмыс жоспары

<b>1</b>	<b>Ұйымдастырушылық</b>	1. Атаулы көмек алатын және өгей ата-аналардың отбасында тәрбиеленіп отырған оқушылардың сабаққа қатысымын тексеру.	Әлеуметтік педагог, класс жетекшілер
<b>2</b>	<b>Профилактикалық және ақпараттандыру</b>	1. 20 - қараша дүниежүзілік балаларды қорғау күніне «Бүкіл әлем мен үшін» тақырыбында сабақтар өткізіп, сауалнама жүргізу.	Әлеуметтік педагог, психолог
<b>3</b>	<b>Әлеуметтік - диагностикалық</b>	1. Мектеп тіркеуіндегі, ішкі істер бөлімінде есепте тұрған, қиын оқушы есебінде тұрған оқушылардың отбасына бару, зерттеу, акт жүргізу. 2. Оқушылардың әлеуметтік ортасын (отбасы, әлеуметтік ортасы және қызығушылығы) диагностикалау және отбасын анықтау мақсатында сауалнама жүргізу. (7 - 11 класс оқушылар арасында)	Әлеуметтік педагог, психолог, кл. жетекші, ТІЖ орынбасары
<b>4</b>	<b>Қиын тәрбиеленетін балалармен жұмыс</b>	1. «Тәуекел тобындағы» балалардан сауалнама алу, әңгімелесу. 2. Жасөспірімнің жеке ісін (бақылаулар күнделігін) жүргізу.	Әлеуметтік педагог, психолог, кл. жетекші, мектеп инспекторы
<b>5</b>	<b>Құқықтық тәрбие</b>	1. Кезекті құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесіне қатысу.	Әлеуметтік педагог
<b>6</b>	<b>Ата - аналармен жұмыс</b>	1. Атаулы көмек алатын, көпбалалы ата - аналар арасында «Мен қандай ата - анамын?» сауалнама жүргізу.	Әлеуметтік педагог
<b>7</b>	<b>Психолог және класс жетекшілермен жұмыс</b>	1. Класс жетекшілерімен бірігіп балалардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерттеу. 2. Психологиялық - педагогикалық кеңес беру.	Әлеуметтік педагог, психолог, класс жетекшілер

## Желтоқсан айында өткізілетін жұмыс жоспары

<b>1</b>	<b>Ұйымдастырушылық</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жетім және ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың үйіне бару, материалдық жағдайларын тексеру білім бөліміне желтоқсан айының есебін беру.</li> <li>2. ҚР Президентінің, облыс, аудан, ауыл әкімдерінің жаңа жылдық шыршасына баратын балалардың тізімін жасақтау.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог, класс жетекшілер, ТІЖ орынбасары
<b>2</b>	<b>Профилактикалық және ақпараттандыру</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Нашақорлыққа жол жоқ!» тақырыбында сабақ өткізу. (9-11 класс оқушыларымен)</li> <li>2. Мектеп асханасындағы қызметкердің жұмысы туралы сауалнама жүргізу.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог, психолог, медбике
<b>3</b>	<b>Әлеуметтік - диагностикалық</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқушылардың әлеуметтік ортасын зерттеу, жанұясында болу.</li> <li>2. Қамқоршылықтағы, ішкі істер бөлімінде есепте тұрған, қиын оқушы есебінде тұрған балалардың отбасына бару, зерттеу, акт жүргізу.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог, психолог, кл. жетекші, ТІЖ орынбасары
<b>4</b>	<b>Қиын тәрбиеленетін балалармен жұмыс</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қиын балалар жөнінде мәлімет жинақтау және портфолиосын толықтыру.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог, психолог, кл. жетекші
<b>5</b>	<b>Құқықтық тәрбие</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кезекті құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесіне қатысу.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог, класс жетекшілер
<b>6</b>	<b>Психолог және класс жетекшілермен жұмыс</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Класс жетекшілерімен бірігіп балалардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерттеу.</li> <li>2. Психологиялық - педагогикалық кеңес беру.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог, психолог, кл. жетекші, ТІЖ орынбасары
<b>7</b>	<b>Әлеуметтік көмек көрсету</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мүгедек, қамқорлықтағы баланы Президент, облыс, аудан, ауыл әкімдері атындағы шыршасына қатыстыру, демеушілермен кездесу.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог, кл. жетекшілер. жеке кәсіпкерлер.

## Қаңтар айында өткізілетін жұмыс жоспары

<b>1</b>	<b>Ұйымдастырушылық</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. 0-18 жас аралығындағы балаларды тексеріп, тізімін жасап, бекіту.</li> <li>2. Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушыларға «Қамқорлық» акциясын ұйымдастыру;</li> <li>3. «Мен және жанұям» тақырыбында сыныптан тыс шара өткізу. /1-4 кл./</li> <li>4. Аз қамтылған, көпбалалы, мүгедек, қамқорлықтағы оқушыларды қысқы спорттық шараларға қатыстыру.</li> <li>5. Қамқорлықтағы балаға материалдық көмек ұйымдастыру, демеушілерге ресми хат жолдау, баланың жеке есепшотына салуға қаражат іздеу.</li> </ol>	<p>Әлеуметтік педагог, ТІЖ орынбасары, класс жетекшілер, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері,</p>
<b>2</b>	<b>Профилактикалық және ақпараттандыру</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны» тақырыбында оқушыларға сабақ өткізу. /7-11 класс/</li> <li>2. 5-7 класс оқушыларымен «Арудың қалай алдын алуға болады?» тақырыбында әңгімелесу.</li> </ol>	<p>Әлеуметтік педагог, медбике</p>
<b>3</b>	<b>Әлеуметтік - диагностикалық</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқушылардың әлеуметтік ортасын зерттеу, жанұясында болу.</li> </ol>	<p>Әлеуметтік педагог</p>
<b>4</b>	<b>Қиын тәрбиеленетін балалармен жұмыс</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мектепшілік есепте тұрған балалармен жүргізілген жұмыстар туралы жарты жылдық есебін беру.</li> </ol>	<p>Әлеуметтік педагог, психолог, кл. жетекші</p>
<b>5</b>	<b>Ата - аналармен жұмыс</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мектепшілік іс - шараларға ата - аналарды қатыстыру.</li> <li>2. Жиналыстарға қатысу.</li> </ol>	<p>Әлеуметтік педагог, класс жетекшілер</p>
<b>6</b>	<b>Психолог және класс жетекшілермен жұмыс</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қажетінше оқушыларға, ата - аналарға, класс жетекшілерге психологиялық – педагогикалық кеңес беру.</li> </ol>	<p>Әлеуметтік педагог, психолог, кл. жетекші</p>
<b>7</b>	<b>Әлеуметтік көмек көрсету</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Қайырымдылық» акциясына қатысу, материалдық жағдайы төмен отбасы балаларына көмек көрсету.</li> </ol>	<p>Әлеуметтік педагог, класс жетекшілер.</p>



## Ақпан айында өткізілетін жұмыс жоспары

<b>1</b>	<b>Ұйымдастырушылық</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Аз қамтылған, көпбалалы, мүгедек, қамқорлықтағы оқушыларын секция, мектептен тыс үйірмелерге қатысуын бақылау.</li> <li>2. 9, 11 класындағы аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог
<b>2</b>	<b>Профилактикалық және ақпараттандыру</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны» 7 - 8 кластар арасында дебат өткізу.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог, психолог
<b>3</b>	<b>Әлеуметтік - диагностикалық</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқушылардың әлеуметтік ортасын зерттеу, жанұясында болу.</li> <li>2. Қамқоршылықтағы, мектеп тіркеуіндегі, ішкі істер бөлімінде есепте тұрған оқушылардың отбасына бару, зерттеу, акт жүргізу.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог, психолог, кл. жетекші, ТІЖ орынбасары
<b>4</b>	<b>Қиын тәрбиеленетін балалармен жұмыс</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қиын балалар жөнінде мәлімет жинақтау және портфолиосын толықтыру.</li> <li>2. «Тәуекел тобындағы» балалармен тренингтер өткізу. Зорлық - зомбылықтың алдын алу тақырыбында дөңгелек үстел өткізу.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог, психолог, класс жетекшілер, ТІЖ орынбасары
<b>5</b>	<b>Құқықтық тәрбие</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Мен және менің құқығым» дөңгелек үстел өткізу. /7-11 кл./.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог, құқық органдарымен бірігіп
<b>6</b>	<b>Психолог және класс жетекшілермен жұмыс</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Балалардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерттеу.</li> <li>2. Психологиялық – педагогикалық кеңес беру.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог, психолог, ТІЖ орынбасары
<b>7</b>	<b>Әлеуметтік көмек көрсету</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Жүрек жылуы» класс ішіндегі жағдайы төмен оқушыларға көмек көрсету.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог, класс жетекшілер

## Наурыз айында өткізілетін жұмыс жоспары

<b>1</b>	<b>Ұйымдастырушылық</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жетім және ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың үйіне бару, материалдық жағдайларын және мүлігін тексеру білім бөліміне наурыз айының есебін беру.</li> <li>2. «Асыл ана» мерекелік іс - шара өткізу. /көп балалы аналармен/</li> </ol>	Әлеуметтік педагог
<b>2</b>	<b>Профилактикалық және ақпараттандыру</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Тазалық денсаулық кепілі» 5 - 6 кластар аралығында сабақ өткізу.</li> <li>2. Мектеп асханасының қызметкерлерінің жұмысы туралы сауалнама жүргізу.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог
<b>3</b>	<b>Әлеуметтік - диагностикалық</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқушылардың әлеуметтік ортасын зерттеу, жанұясында болу.</li> <li>2. Қамқоршылықтағы, мектеп тіркеуіндегі, ішкі істер бөлімінде есепте тұрған, қиын оқушы есебінде тұрған балалардың отбасына бару, зерттеу, акт жүргізу.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог, психолог, класс жетекшілер, ТІЖ орынбасары
<b>4</b>	<b>Қиын тәрбиеленетін балалармен жұмыс</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қиын балалар жөнінде мәлімет жинақтау және портфолиосын толықтыру.</li> <li>2. «Тәуекел тобындағы» балалармен тренингтер өткізу.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог, психолог, класс жетекшілер
<b>5</b>	<b>Құқықтық тәрбие</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кезекті құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесіне қатысу. Құқық органдарымен тығыз байланыста болу.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог, құқық органдарымен бірігіп
<b>6</b>	<b>Психолог және класс жетекшілермен жұмыс</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Класс жетекшілерімен бірігіп балалардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерттеу.</li> <li>2. Психологиялық - педагогикалық кеңес беру.</li> </ol>	Әлеуметтік педагог, психолог, ТІЖ орынбасары

## Сәуір айында өткізілетін жұмыс жоспары

<b>1</b>	<b>Ұйымдастырушылық</b>	1. Қамқоршылықтағы, ерекше білім алуды қажет ететін оқушылардың сабаққа қатысымын тексеру.	Әлеуметтік педагог
<b>2</b>	<b>Профилактикалық және ақпараттандыру</b>	1. Бастауыш кластарда «Мен армандаған болашақ» атты сурет көрмесін ұйымдастыру.	Әлеуметтік педагог, бейнелеу пәні мұғалімі
<b>3</b>	<b>Әлеуметтік – диагностикалық</b>	1. Өгей ата-аналардың отбасында тәрбиеленіп отырған оқушылардың отбасына барып акт жүргізу, сауалнама алу.	Әлеуметтік педагог
<b>4</b>	<b>Қиын тәрбиеленетін балалармен жұмыс</b>	1. Қиын балалар жөнінде мәлімет жинақтау және портфолиосын толықтыру. 2. Зорлық - зомбылықтың алдын алу тақырыбында сауалнама алу, оқушыларға кеңес беру.	Әлеуметтік педагог, психолог, кл. жетекші
<b>5</b>	<b>Психолог және класс жетекшілермен жұмыс</b>	1. Класс жетекшілерімен бірігіп балалардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерттеу. 2. Психологиялық - педагогикалық кеңес беру.	Әлеуметтік педагог, психолог, ТІЖ орынбасары
<b>6</b>	<b>Әлеуметтік көмек көрсету</b>	1. «Көмек қолын соз» класс ішінде жағдайы төмен оқушыларға көмек көрсету.	Әлеуметтік педагог, класс жетекшілер, оқушылар

## Мамыр айында өткізілетін жұмыс жоспары

<b>1</b>	<b>Ұйымдастырушылық</b>	<p>1. 15 - мамыр Дүниежүзілік отбасы күніне орай, «Отан – отбасынан басталады» атты іс - шара ұйымдастыру.</p> <p>2. Жетім және өгей ата - ананың отбасында тәрбиеленіп отырған оқушылардың үйіне бару, әлеуметтік жағдайын тексеру білім бөліміне мамыр айының есебін беру.</p>	Әлеуметтік педагог
<b>2</b>	<b>Профилактикалық және ақпараттандыру</b>	<p>1. Жазғы қала сыртындағы лагерлер туралы ақпараттар беру.</p>	Әлеуметтік педагог
<b>3</b>	<b>Әлеуметтік - диагностикалық</b>	<p>1. Қамқоршылықтағы, мектеп тіркеуіндегі, ішкі істер бөлімінде есепте тұрған балалардың отбасына бару, зерттеу, акт жүргізу.</p>	Әлеуметтік педагог, психолог, кл. жетекші
<b>4</b>	<b>Құқықтық тәрбие</b>	<p>1. Кезекті құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесіне қатысу.</p>	Әлеуметтік педагог
<b>5</b>	<b>Ата - аналармен жұмыс</b>	<p>1. Жазғы демалысты ұйымдастыру жөнінде ата - аналармен әңгімелесу.</p>	Әлеуметтік педагог
<b>6</b>	<b>Әлеуметтік көмек көрсету</b>	<p>1. Әр түрлі санаттағы оқушылардың жазғы демалысын (мектепшілік және қала сыртындағы лагерлер) ұйымдастыру.</p> <p>2. Мектепшілік есепте тұрған балалардың жазғы еңбек практикасын ұйымдастыру.</p> <p>3. Аз қамтылған, көпбалалы, мүгедек, қамқорлықтағы оқушыларды «Балаларды қорғау күнімен» құттықтау.</p> <p>4. Мерекеге демеушілерді қатыстыру.</p>	Әлеуметтік педагог, Класс жетекшілер, ТІЖ орынбасары жеке кәсіпкер.